

AQTÓǴAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№22 (7911)

Жұма
26 мамыр
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz

Қадірлі ұстаздар!

Құрметті мектеп бітіруші жас түлектер!

Сіздерді соңғы қоңырау мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Соңғы қоңырау – мектеп тарихына еңетін қуанышты әрі көңілді оқиға. Бұл күн – мектеп бітіруші түлектер, ұстаздар мен ата-аналар үшін қуанышты да салтанатты сәт.

Білім тұлғаға өмір жолын түзу тандауда еркіндік пен өз-өзіне деген сенімділіктің, табысқа жетуге және өз қабілетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мектеп түлектері! Сіздер балалықтың бал шағын артқа тастап, үлкен өмірдің табалдырығын аттағалы отырсыздар. Осы жауапты кезеңде өздеріңіздің 11 жыл бойы алған білімдеріңізді жоғары деңгейде қолданып, тандау жасауларыңыз аса маңызды.

Қымбатты түлектер!

Сіздерді алда үлкен жауапкершілік күтіп тұр. Ұлттық бірінғай тәстілуден сүрінбей, өздеріңіз қалаған жоғары оқу орнына түсіп, Қазақстан Республикасының игілігі үшін қызмет ететін білікті маман болуларыңызға тілектеспіз.

Аудан әкімі
Р.Кәжібеков

Аудандық мәслихат
төрағасы Р.Әбеуов

Құрметті аудан тұрғындары!

Қымбатты бүлдіршіндер!

Сіздерді 1-маусым Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтаймыз! Жаздың алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін, балғын бүлдіршіндеріміз үшін ең қуанышты және жыл сайын асыға күтетін шуақты мереке. Бүгінгі таңда баршамыздың алдымызда тұрған үлкен міндет – ұрпаққа заманауи білім беріп, салауатты өмір салтын ұстануға жағдай жасау.

Сіздердің оқуда озат, жарқын болашаққа нық қадам басып, еңсесі биік ел азаматтары атануларыңызға шын жүректен тілектеспіз. Отбасынан басалған бақытты балалық шақтарыңыз, Отанның адал азаматы болуға жетелесін. Болашақтарың жарқын, аспандарың ашық, туған жерімізді өркендетер келешектің кемеңгері болыңыздар! Әрқашан жүздеріңізден күлкі, жүректеріңізден мейірім кетпесін!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Аудан әкімі
Р.Кәжібеков

Аудандық мәслихат
төрағасы Р.Әбеуов



формаларымыздың түпкі мақсаты – халықтың өмірін жақсарту. Ол үшін тұрғындар табысын көбейту керек. Жайлы өмір сүруіне жағдай жасап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Азаматтардың өзін-өзі дамытуына барлық мүмкіндік жасалуы тиіс» –

Кеңейтілген келелі кеңес

Мемлекет басшысы әр кезеңдегі саяси әрі экономикалық ахуалға сай үндеулер жолдап, түрлі жиындар өткізетіні баршаға мәлім. Сол секілді биыл жылдың екінші тоқсанында мемлекетіміздің экономикалық-әлеуметтік даму мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өткізді.

Аталмыш жиынға халық қалаулылары мен үкімет мүшелері, әр деңгейдегі әкімдер қатысты. Президент өз сөзінде саяси реформалар дамудың жаңа кезеңіне жол ашқанын және экономиканы түбегейлі жаңғыртудың берік негізін қалағанын атап өтті. «Осында отырған әрбір мемлекеттік қызметші өзіне орасан зор міндет жүктеліп отырғанын сезінуге тиіс. Бұл – ең алдымен, барша Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілік. Сіздердің шешімдеріңіз бен іс-әрекеттеріңіз елдің бүгінгі мен болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан күнделікті мәселелерді шұғыл шешумен ғана шектелмеу керек. Сіздер мемлекетшіл-реформатор болуларыңыз қажет. Ре-

деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, Қазақстан мұнай және газ өндіруші ел ретінде жаңа геоэкономикалық жағдайға бейімделуі керек. Экономиканы жүйелі әртарапандыру – стратегиялық міндет.

Кеңес соңында Мемлекет басшысы: «Қазір ерекше тарихи кезең. Ғылым мен технология ғана емес, қоғамдық қатынастар да түбегейлі өзгеріп жатыр. Мемлекеттердің даму бағдары және басымдықтары басқаша сипат алады. Мұндай кезде батыл әрі жылдам әрекет жасау қажет. Арқаны кеңге салып отыруға уақыт жоқ. Жүктелген міндеттерді орындау үшін іске кірісу керек. Тапсырмалар мүлтіксіз және уақытылы орындалуға тиіс. Әйтпесе, салдары ауыр болады. Реформалардың нәтижесін әрбір азамат нақты сезінуі қажет. Алдағы жұмыстың басты өлшемі – осы!» – деп сөзін түйіндеді.

С.Қапасова,
Шабанбай би ауылы әкімі
аппаратының бас маманы.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Ел тынысын бағдарлайтын басқосулар

Аудан әкімі Руслан Айтықкәулі Сарышаған кентінде болып, кенттің абаттандыру жұмыстарын қадағалап, су сору қондырғысы бекетінде болып,



сондай-ақ көпқабатты үйлерге барып, ауыл тұрғындарымен кездесті.

Бүгінгі таңда су тазарту бекетін жөндеу жұмыстары қолға алынған, халық сұранысындағы Спорт кешенінің қон-

курстық жұмыстары басталғандығы туралы жағымды ақпарат берді. Аудан басшысы кенттегі Энергетиктер көшесіне алдағы жылы тұрғындар сұранысына орай асфальт төселетіндігі жөнінде және Теміржол Абай көшесіндегі ауыл тұрғындарына ауыз су тарту мәселесіне

тиісті қаражат бөлініп, жақын арада конкурс қорытындысы шығатындығын тілге тиек етті. Сонымен қатар, есептік кездесуде кент тұрғындарының бірқатар сұрақтарына жауап берілді.

Аудан әкімі Руслан Кәжібеков кезекті сапарын Айыртас, Қусақ және Абай ауылдық округтерінде жалғастырды. Бұл жолғы тоқсандық кездесудің мәні де, өту тәсілі де ерекше. Әйтсеу халықпен кездесу шарт екен деп, ауылдық округтің

халқын жинап, ұзақ ақпар оқып елді мезі етпеді. Керісінше, шағын елді мекендерге барып, ондағы еңбек



адамдарымен жүздесіп, үлкендерден бата алып, кеңестерін сұрады. Осындай шағын ауылдағы халықпен етене араласқан өңір басшысына риза болған халық шексіз алғыстарын білдіріп, шаруаларын көрсетіп, мемлекеттік көмектерді алудың жолдарын сұрады. Әр өңірдің түйткілді мәселелеріне қарай тиісті сала басшыларымен бірге барып, кейбіреуі сол жерде қолдау тауып жатты.

(Жалғасы 2-бетте).

«AQTÓǴAI AJARY»

Құрметті оқырман!

Аудандық «Ақтоғай ажары» газетіне 2023 жылдың 2-ші жартыжылдығына жазылу науқаны басталды. Газетке «Қазпоштаның» аудандық, ауылдық бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

Жеке жазылушылар үшін индексі – 65031,

6 айға – 1500 теңге.

Мекеме, ұжымдар үшін индексі – 15031,

6 айға – 2000 теңге.

Аудан өмірінің айнасы, төл газетіңізбен алдағы уақыттарда да бірге болыңыз, ағайын!

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.

Анықтама телефондары: 2-18-81, 2-15-39. E-mail: aktogai_red@mail.ru

Ел тышысын бағдарлайтын басқосулар

(Соңы. Басы 1-бетте).

Айыртас елді мекенінде мектептегі оқушылар санын арттыру мақсатында, алдағы уақытта ауылға 4 отбасын көшіріп әкелу бағытында жұмыстар атқарылып жатқаны баяндалды.



Сонымен қатар, мал сою алаңын ашу туралы кәсіпкерлерге ұсыныс жасалды.

Құсақ елді мекенінде абаттандыру жұмысын жүргізуге, Нарманбет-Айыртас автомобиль жолын жөндеу, көше шамдарын және қосалқы



трансформаторлық станция (КТП) орнатуға, балалар ойын алаңын орнату, сондай-ақ, Айыртас ауылында КТП қуатының мәселесін шешу үшін 2023 жылы 125 млн 580 мың теңге қаржы бөлініп отыр. Бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалуды – басты назарда.

Ақшкөл елді мекеніндегі кездесу барысында жергілікті тұрғындар арасында көтерілген сұрақтарға аудан әкімі, сала басшылары жауап берді. Есеп соңында аудан әкімі жеке қабылдау өткізіп, көтерілген сұрақтардың бақылауға алынатындығын жеткізді.

Өңір басшысы Руслан Кенжебеков **Қарабұлақ** және **Сарытерек** ауылдық округіне қарасты Қарасу және Жетімшоқы елді мекендерінің тұрғындарымен кезекті есептік кездесу өткізді. Жиында елді мекеннің тұрғындары мен жергілікті шаруа қожалық жетекшілері қатысып, бірқатар түйткілді мәселелерін ортаға салды.

Қарасу ауылының тұрғындарымен кездесу барысында тұрғындар тарапынан 3, 4 шақырымды құрайтын аудандық маңызды жолды жөндеу, сондай-ақ өзен бойына өткел салу мәселелері көтерілді. Айтылған мәселе бойынша ағымдағы жылдың маусым, шілде айларында үнемделген қаражат есебінен тиісті жұмыстар жүргізілетіні айтылып, ауыл халқының күпті көңілдері көтеріліп қалды.

Қарасу мен Жетімшоқы елді мекендеріне су тартауға сметалық-жобалық құжаттары мемлекеттік экспертизаға табысталғаны жөнінде, сонымен қатар, ауызсумен қамтамасыз ету бағытында жұмыстар жүргізілетіндігі жөнінде баяндалды.

Жетімшоқы елді мекенінде жайылымдық және жер мәселелерін аудан басшысы ауылдық округ



әкіміне тапсырып, сала басшыларымен бірлесе жұмыс атқаруын тапсырды.

Кездесу соңында аудан әкімі көтерілген мәселелер бойынша тұрғындармен ақылдасып, сала басшыларымен бірлесіп нақты шешу жолдарын айтып, тиісті жұмыстар жүргізілетіндігін жеткізді.

Аудан әкімі Руслан Кенжебеков бекітілген кестеге сәйкес **Нүркөң** ауылдық округіне қарасты **Қаратал** елді мекенінің тұрғындарымен есептік кездесу өткізді. Кездесу барысында тұрғындар ауыз су мәселесі, ғаламтор желісі жөнінде бірқатар мәселелерді баян етті. Елді мекендегі бастауыш мектебіндегі оқушылар санын арттыру мақсатында, бүгінгі күні Қаратал



ауылында туған азаматтардың бастамасымен, отбасыларды көшіріп әкелу жұмыстары қолға алынуда. Сонымен бірге аудан әкімі Руслан Айтықенұлы маусым айында өткізілетін “Қарашаңырақ – Қараталым” атты ауыл күні іс-шараларына дайындық және өткізу барысының жұмыстарымен танысты.

Г.Елүсізова.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 113-5 бабы 9 тармағына сәйкес 18.06.2023 жылға тағайындалған Ақтоғай ауданы Тасарал ауылдық округі әкіміне кандидаттарды тіркеу қорытындысы туралы ХАБАРЛАМА

1. **Абенова Лаззат Муратовна**, 1979 жылы туған, «Тасарал ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылдық округі, Тасарал ауылы, ұлты қазақ, өзін-өзі ұсынған, тіркелген күні 23.05.2023 ж.

2. **Жумаханов Базархан Мейрамбекович**, 1987 жылы туған, жеке кәсіпкер, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, ұлты қазақ, өзін-өзі ұсынған, тіркелген күні 23.05.2023 ж.

3. **Балтышев Ерик Таткенович**, 1980 жылы туған, «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕ АҚ Қарағанды облысы бойынша филиалының Халыққа қызмет көрсету бойынша Приозерск қаласы бөлімінің басшысы, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, ұлты қазақ, «Атап» партиясы ұсынған, тіркелген күні 23.05.2023 ж.

Ақтоғай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

Құқық заңнамасы

Гендерлік теңдік мәселесі

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап, гендерлік теңдік мәселесі 1995 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы «Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат істері жөніндегі кеңес» жұмыс істеді. Кейін ол «Әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия» болып қайта құрылды.

Ал, 2009 жылы 8-ші желтоқсанда ел Президенті «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заңға қол қойды. Заң мемлекеттік органдар басшыларына ерлер мен әйелдердің тәжірибелеріне және кәсіптік даярлықтарына сәйкес мемлекеттік қызметте тең қолжетімділігін қамтамасыз етулерін, олардың жергілікті басқару органдарында, сондай-ақ мемлекеттік биліктің заңнамалық, атқарушылық және сот тармақтарында тең серіктестік қатынастарының сақталуын міндеттейді.

Жалпы, әйел заты қазақ қоғамы үшін, қазақ мемлекеті үшін қашанда ардақты саналған. Еліміздің де тең жартысы әйел қауымынан тұрады. Бүгінгі таңда әйелдер ошақ басындағы қазанның құлағында емес, денсаулық сақтау, ағартушылық жүйенің, мемлекеттік қызметтің, сондай-ақ, бизнестің де құлағын ұстағанына қарамастан отбасының жарасымдылығына көп үлес қосып отырғанына сенімдіміз.

С.Қалиасқаров,
Ақтоғай аудандық соты әкімшісінің басшысы.

Хабарландыру

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің 2023 жылғы 23 мамырдағы №29-ОД бұйрығына сәйкес «Ақтоғай-Су» ЖШС-не таратушы желілер арқылы Ақтоғай, Сәуле, Қызыларай, Шабанбай би, Қарамөңде би, Нүркөң, Сарытерек, Айыртас, Абай, Қошқар, Нарманбет ауылдарына су беру қызметіне 2023 жылдың 1 маусымынан бастап м3 үшін 154,40 теңге (ҚҚС есепке алмағанда) мөлшерінде орташа тариф бекітілді. Оның ішінде тұтынушылар тобы бойынша сараланған тариф:

- Жеке тұлғаларға м3 үшін – ҚҚС-сыз 104,69 теңге;
- Өзге тұтынушыларға м3 үшін – ҚҚС-сыз 133,24 теңге;
- Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдарға м3 үшін – ҚҚС-сыз 226,46 теңге.

Объявление

Приказ Департамента №29-ОД от 23.05.2023 года товариществу с ограниченной ответственностью «Ақтоғай-Су», с введением в действие с 1 июня 2023 года, утвержден средний тариф на услуги подачи воды по распределительным сетям с. Ақтоғай, с.Сауле, с.Қызыларай, с.Шабанбай би, с.Қарамөңде би, с.Нүркөң, с.Сарытерек, с.Айыртас, с.Абай, с.Қошқар, с.Нарманбет Ақтоғайского района, в размере 154,40 тенге за м3 без учета НДС, в том числе дифференцированные тарифы по группам потребителей:

- Для физических лиц – размере 104,69 тенге за м3 без учета НДС;
- Для прочих потребителей –размере 133,24 тенге за м3 без учета НДС;
- Для организации, содержащиеся за счет бюджетных средств – размере 226,46 тенге за м3 без учета НДС.

Мәдени мұра

Мәдениет майталмандары марапатталды

Қай кезеңде де қай елде болмасын мәдениет пен өнер – халықтың рухани болмысының айнасы, бағдарлы болашағының бастауы. Мәдениеттің өсуі – елдің өсуі, ұлттың өсуі. Тәуелсіздігіне тәубе етіп, Мәңгілік ел болуды мұрат тұтқан халқымыздың рухани бай дүниесінің өлшемі мен өресі де осы мәдениет пен өнер шоқтығында жатыр.



Өркениетке қол созған еліміз үшін экономикалық өсіммен қатар, елдің рухани бай құндылықтарын да дамыту мәселесі қолға алынды. Заманауи жабдықталған мәдениет ошақтары салынып, ел игілігіне берілді, түрлі бағдарлама негізінде елдің мәдени білімін тереңдету, еңбастысы, ел дамуы үшін мәдениеттің де озық денгейде дамуы қарастырылды. Өнер мен мәдениет егіз ұғым. Бір-біріне жетімсіреп тұратындай. Мәдениеттің мәйегі өнер арқылы дәріптеліп, халыққа жетіп жатады. Осы орайда босағасына бақ пен береке ұялаған, қазақтың маңдайына бітер нелер дүлдүл тұлғаларды дүниеге әкелген алтын құрсақты – Ақтоғай қай уақытта да өнер мен мәдениеттің ордасына айналған. Әрде Әсет пен Аққыз, беріде Манарбек пен Күләш, Дәртайлар қазақтың ән-жыр, күй өнерін дәріптеп, ұлылықтың ұшпағына шығарды. Сол бір ғасырда бір туатын марқасқалар салып кеткен соқпақпен өнер биігіне беттеген кейінгі толқын мәдениет майталмандары да аудан абыройын асқататып, талай додада жеңіс тұғырынан көрініп келеді.



Өткен жұмада 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күніне орай Ақтоғай ауылында мәдени-бос уақыт өткізу орталығында салтанатты шара болып өтті. Аталмыш шараға ауданымызға қарасты ауылдық округтердің мәдениет қызметкерлері мен мекеме-бөлім басшылары, көрермендер қатысты.

Аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов осынау сала сандақтарын кәсіби мерекелерімен құттықтады:

– Құрметті мәдениет қызметкерлері! Қымбатты өнер ардагерлері мен қайраткерлері, шығармашылық өкілдері! Сіздерді осынау кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күні біз мәдениет және өнер мекемелерінің – мұражайлар мен кітапханалардың, театрлар мен концерттік ұйымдардың, халық шығармашылығы және мәдениет үйлерінің, сондай-ақ, басқа да шығармашылық мамандық өкілдеріне шын көңілден алғысымызды білдіреміз.

Осы мереке күні сіздердің әрқайсыларыңызға жақсы денсаулық, бақыт, молшылық, жалыны мол күш-жігер, шығармашылық табыстар мен жарқын бастамалар тілеймін, – деді А.Базылұлы.

Бұдан кейін кезек марапатқа берілді. Осы саланың төңірегінде жүріп, ауданымыздың мәдениеті мен өнерін дамытуға үлес қосып жүрген бір қауым қызметкерге аудан әкімі Р.Кәжебековтің Құрмет грамотасы табысталды.

Салтанатты шараның соңы әрмен қарай мерекелік кешке ұласты.

Е.АЙТЖАН.

Ақтоғай ауданының Ақтоғай мәдени-бос уақыт өткізу орталығының қызметкерлері, «Тоқырауын толқыны» халықтық ән-би ансамблінің мүшелері Нұржан Әлібеков пен Арай Есімова Қазақстан Республикасы «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «ҚР Еңбек озаттарының алтын кітабы» атты республикалық байқауға қатысып, жеңімпаз атанды.

Республикалық байқауға мәдениет саласы бойынша 200-ге жуық өнерпаздың құжаты

«Алтын кітапқа» енген есімдер

түскен. Талапқа сай үздік деп танылған өнер адамдарының өмірбаяны осы жинаққа енген. Олардың арасында ақтоғайлық Нұржан Саржанұлы мен Арай Төкенқызы да бар. Олардың есімі үздік танылып, «Алтын кітапқа» еніп қана қоймай, алтын төсбелгі тағынып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. «ҚР Еңбек озаттарының алтын кітабы» мен куәлігін алған өнерпаздар еңбегінің бағаланғанына дән риза. Байқау онлайн өткен. Мәдениет саласының майталмандары қазылық еткен байқауда қатысушылардың жетістіктері сарапталыпты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын қоғамға кеңінен насихаттау мақсатында өткен «ҚР Еңбек озаттарының алтын кітабы»



атты республикалық додада жеңімпаз атанғаныма ризамын. Тәуелсіздік жылдары өз мамандығының хас шебері атанып, еліміздің дамуына үлес қосып жүрген азаматтардың еңбегін кеңінен насихаттауды мақсат еткен байқау арқылы талай талантты танып қайттық. Байқауда бүгінгі ұрпақтың еліне деген құрметін күшейту, отансүйгіштік сезімін арттыру назардан тыс қалмағандығына ерекше қуандым, – дейді Арай Есімова.

Айта кетейік, Арай Төкенқызы 2012 жылы Көкшетау қаласында өткен республикалық жас орындаушылар байқауының дипломанты атанған. Бұдан бөлек, халықаралық, республикалық байқаулардың жүлдегері. Шөкірттері де жарыстарда топ жарып жүр. Қобыз үйірмесінің жетекшісі және Ақтоғай мәдени-бос уақыт өткізу орталығының әуенмен сүйемелдеушісі болып жұмыс істейді. Ал, Нұржан Әлібеков 2002 жылдан бері аудандық мәдениет үйінде еңбек жолын бастап, мәдениет саласында 21 жыл қызмет жасап келеді. Орталықтың «Зерде» бейнемобилінің менгерушісі, Ақтоғай халық театрының актері.

Нұрдос Кәрім.

(«Орталық Қазақстан» газетінен алынды).

«Кітапхана түні» өтті



дайындаған «флэш моб» көрермен назарына ұсынылып, түрлі кітаптар нәсихатталды. Бұдан кейін аталмыш мектептің 6-сынып оқушысы Ж.Аңсағанқызының жетекшілігімен әуелі, оқушылардың қатысуымен ойыншықтар театрының

Қазіргі таңда жастардың әлеуметтік желіні жиі пайдаланып, уақытының денін смартфонға үңілумен өткізуі – ғаламдық мәселеге айналып отыр. Осыған орай әр ел әртеркті шара ұйымдастырып, түйткілдің алдын алудың қамын қылууда.

24 мамыр күні аудан орталығындағы қос білім ордасы – Ә.Бөкейхан мектебі мен К.Байсейітова мектебінде «Кітапхана түні» өтті. Аталмыш іс-шараның мақсаты – тұрғындар мен жастарды кітап оқуға баулу, таным көкжиегін кеңейту. Осынау тағылымды жиынға ата-аналар, оқушылар және ұстаздар қатысты. Біз ауданымыздағы іргелі мектеп – К.Байсейітова мектебіндегі кешке қатыстық.

Бірінші кезекте мектеп оқушылары

«Шалқан» ертегісін тамашаладық. Әрі қарай «Поэзия кешіне» кезек беріліп, өлең-жырдан шашу шашылды. Сонымен қатар, жиналған қонақтар «Most read» жобасына қатысып, әркім өзі тауысып оқыған, бір-бір кітап жөнінде аз-кем әңгіме өрбітті. Бұдан әрі келушілер «Букросинг», «Еңбек сыныбы», мектеп жанындағы шағын телестудияны аралап, танымдық, викториналық ойынға қатысып, шараның жоғары дәрежеде өтуіне атсалысты.

Оқырман қауымның ойын ұштап, санасына сілкініс жасаған «Кітапхана түнінің» соңында шара барысында белсенділік танытқан қатысушыларға Алғыс хаттар табысталды.

Е.Мұстафин.

Ақтандақтар ақиқаты



Қазақ халқының даму тарихында айтулы кезеңнің бірі болған саяси қуғын-сүргін кезеңін кейінгі ұрпаққа бұйымсыз, боямасыз, шынайы түрде жеткізудің бір парасы архив құжаттары негізінде анықтауды қажет етеді. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі арқасында Қазақстан Республикасының 1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып белгілеуімен қуғын-сүргінге ұшыраған есімдерді анықтауға жол ашылды. Сол зұлматқа ұшырағандардың ұрпақтары іздегіру жұмысына белсене араласты. Осы орайда, кеңес үкіметі қызметкері, репрессия құрбаны Әбду Жүнісов пен «халық жауы» атанып, үш рет ұсалып ақталған Әбдіғұл Жүнісовтердің ұрпақтарының әр өңірдің архивтерін жинақтап, аудандық архивке мемлекеттік сақтауға өткізген деректер мен мәліметтерге сүйене отырып қалам тербегенді жөн көрдік.

Колхоздастыру нәтижесінде пайда болған колхоздарға 1930 жылдардың бас кезінде алғашқы техникалар әкеліне бастады. 1933 жылы бидай тазалайтын «Триер», 1935 жылы «Полуторка» деп аталатын 1,5 тонналық жүк автомобилі әкелінді. Осы тұста, яғни 1934 жылдың күзінде большевик С.М.Кировтың келу құрметіне және сол жылдың желтоқсанында оның қаза табуына байланысты «Оян» колхозына Кировтың аты берілгенді. Сол жылдары Әбдудің жан аямай еңбектенуі және оның колхоз өндірісін ілгері бастырудағы үлкен ізденіспен ұйымдастырушылық қызметі нәтижесінде «Киров» колхозы алдыңғы қатарға шығып, іргелі шаруашылыққа айналды. Колхоз басшысы Жүнісов Әбдудің аты ел аузына ілігіп, ол сол кездегі бүкіл Қарқаралы өңірі бойынша көптің құрметіне бөленді. Аудан тарихында бірінші болып ҚазЦИК-тің мүшелігіне сайланып, ауатком төрағасының орын басары қызметіне жоғарылатылды. Одан

соң Алматы қаласына партия мектебіне оқуға жіберіліп, оны аяқтаған соң 1937 жылғы тамызда сталиндік репрессияға ұшырады. Бұдан кейін ол Қарағанды облыстық НКВД басқармасы үштігінің 8 желтоқсан 1937 жылғы қаулысымен контрреволюциялық, ұлтшылдық ұйымның мүшесі болғаны, колхозда зиянкестік жұмыстар жүргізгені үшін делініп, ату жазасына кесілді. Осы кезде Әбду небәрі 30 жаста ғана еді.

Қарағанды облыстық соты президиумының 24 сәуір 1958 жылғы қаулысымен Жүнісов Әбду ақталып,

жоғарыда айтылып отырған қысқаша деректерді толық растай отырып, сонымен бірге Әбдудің жеке басының өте қарапайым, көпшіл әділ айтайын дегенін бүкпесіз бетке тура айтатын бетті, өткір мінезді болғаны жөнінде естелік жазбаларымен бөліскен.

Елінің келешегі үшін аянбай еңбек еткен Елінің бақытты күнге жеткізу жолында килы кезендерді бастан кешірген аға ұрпақ өкілдерінің бірі – Әбду Жүнісовтің есімі тарих парағында сақталып, жарыққа шығып отыратыны даусыз.

Інісі Әбду сияқты Әбдіғұлдың да

1929 жылдан бастап ол ауданымыздың №8,11,12,13,14 ауылдарында 1937 жылға дейін ауылдық Кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған. Бұдан кейін 1937 жылы «Киров» колхозында басқарма болып жүрген жерінде інісі Әбдудің «халық жауы» болып ұсталуына байланысты 1937, 1940, 1950 жылдардағы қуғын-сүргінге бірнеше мәрте ұшырайды. Дегенмен де, ел ішіндегі бірлі-жарым алауыз ағайынның жаласынан ақталып, жоғарғы партия органдарының тексеріс қорытындысы бойынша Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің шешімімен 1926 жылдан бергі өтілімен партиялық билеті қайтарылып беріліп, зейнетақы тағайындалады.

1942 жылы Ұлы Отан соғысының қиын кезеңінде аудан орталығы – Ақтоғай селосын «Жаңа жол» деген атпен аудан тарихында бірінші рет артель (тұрмыстық қызмет комбинатының бастапқы негізі) ұйымдастырылып, оның директоры Әбдіғұл болды. Бұл артельге аудандағы қол шеберлігі бар ұста, етікшілердің басы біріктіріліп, аяқ киім тігілетін болды. Көлікпен жүргізілетін диірмен жасалынды. Әйелдер киім тігіп, жіптен шұлық, қолғап тоқып, майдандағы жауынгерлерге жіберіліп отырды.

Әбдіғұл Жүнісов 1943 жылы мамыр айында аудан бойынша артта қалған Жәмші ауылдық кеңесіне қарасты «Бірлестію» колхозына басқармалыққа жіберілді. Аз уақыт ішінде оның басқаруымен колхоз шаруашылығы ілгері басып, 1944-1945 жылдары екі мәрте аудандық, облыстық туларға ие болады. Осы кезде ол өзінің жеке қаржысы есебінен жеңіс үшін деп 1944 жылы – 20 мың, 1945 жылы 41 мың сом ақша салды. Бұдан кейінгі жылдары 1947 жылдан 1951 жылға дейін Қызылжар, Пушкин атындағы колхоздардың төрағасы болып істеді. Қайда болмасын өзі іскер ұйымдастырушы ретінде танылып, аудан көлемінде лайықты құрметке бөленген жан еді.

Әбдіғұл Жүнісов 1967 жылы өз қолымен құрысқан, еңбек еткен жері – «Қоңырат» кеңшарында 75 жасында қайтыс болып, өмірден өтеді.

Қ.Жолдасов,
Архив басшысы.



сол кезде жасы 90-ға келген оның әкесі Қашпағанов Жүніске зейнетақы тағайындалып, т.б. жәрдемдер көрсетіледі. Қазақстан Компартиясы Жезқазған облыстық комитетінің 01.06.1990 жылғы бюро қаулысымен Жүнісов Әбдудің 1932 жылдан бастапқы партиялықтығы қалпына келтірілді.

Колхоздың сол бастапқы жылдарынан бергі тарихымен бірге жасасып келген еңбек ардагерлері Раев Рысбек пен Ахметов Қабыл Жүкіжанов Кеңекара Әбдумен қызметтес және Қарқаралы, Алматы қалаларында партия, комсомол оқуларында бірге болған Ноғаев Әбіл сияқты партия, еңбек ардагерлері

өмір жолы аудан тарихымен тығыз байланысты. Сонау революциядан бұрын өзінің еңбек жолын Спасск-Қарағанды шахталарында жұмысшыдан бастап, одан кейін кеңес үкіметінің алғашқы жылдары Қарқаралы округінде болыстық атқару комитетінің курьері (қатынас, қағаз тасушы) болып жұмыс істеп жүрген жерінен 1926 жылдан партия мүшесі Жүнісов Әбдіғұл Тоқырауын бойына кеңес қызметіне жіберілген еді. Партиялық өмірбаяндық жолына қарасақ, содан былай оның бұрынғы Қоңырат ауданы тарихының алғашқы жылдарынан бастап елді кеңестендіру жұмысына белсене араласқанын көреміз.

Құқық заңнамасы

«Токта, алаяқтар!» акциясы өтуде

Интернет алаяқтарының алдын алу, жолын кесу және аудан тұрғындарын сақтандыру мақсатында 2023 жылдың 22 мамыр - 22 маусым аралығында Ақтоғай ауданының аумағында «Токта, алаяқтар!» акциясы жүзеге асырылуда.

Бұл туралы аудандық ПБ-нің ЖПҚБ бастығы Н.Дағылов: – Қазіргі таңда азаматтардың ұялы телефондарына алаяқтар қоңырау шалып, олардың сеніміне кіріп, жалған қызметтік куәліктерін «WhatsApp» қосымшасына немесе т.б. жіберіп, өздерін банктің мәнджерлері немесе қауіпсіздік қызметкері ретінде таныстырып жатады. Осындай өтірікке сенген азаматтар алаяқтардың айтқан программа, қосымшаларды ұялы телефондарына жүктеп, өздеріне жіберілген SMS хабарламалардағы кодтарды айтып береді. Сол арқылы алаяқтар азаматтардың атынан несиені рәсімдеп, кейіннен ақшаны белгісіз шоттарға аударып алады. Бұл жерде ескеретіні, банк қызметкерлері ешқашан өздері қоңырау шалып, қандайда бір бағдарламаны телефонныңызға орнатыңыз, SMS хабарламалардағы кодтарды айтыңыз деп хабарласпайды. Сондай-ақ, бүгінде kolesa.kz, adi.kz, olx.kz секілді кейбір сайттардағы сауда

аландарында алаяқтық фактілері жиі кездеседі. Алаяқтар одан бөлек әлеуметтік желілерін пайдалану арқылы әртүрлі тауар, өнім, қызмет түрлерін сатуға жарнама орналастырады. Бұл жағдайда сандық көрсетілімі бар белгілі бір өнімді сатқанда алдын ала қiwi-әмиянға, түрлі банктердегі шоттарға төлем аударуды талап етеді. Интернет алаяқтарының құрбаны болмау үшін расталмаған сату көздерін пайдаланбаңыз. Кез келген жағдайда банк картасы мен шоты туралы мәліметті ешкімге бермеңіз. Әсіресе, интернет арқылы байланысқан кезде. Сонымен бірге интернет порталдары арқылы мүлікті сатып алу (сату) кезінде ешқашан алдын ала келісім жасаманыз. Егер өзіңіз немесе жақындарыңыз зардап шеккен болса, дер уақытында 102, 2-16-90 байланыс телефон нөмірлеріне хабарласыңыз, – дейді.

Құқық қорғау қызметкерлерінің айтуынша, алдау арқылы рәсімделген несиені төлеудегі жауапкершіліктен ешкім босатылмайды. Сондықтан да, кез келген күдік тудыратын қоңыраулар бойынша белгісіз адамдармен сөйлесуден, оларға қандайда бір жеке ақпараттар айтудан сақ болған абзал.

Өз тілшімізден.

Түзету
Газетіміздің №21 (7910) 19 мамыр күнгі санында 6-бетте жарияланған Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ақпараттық хабарламасында «Ақтоғай ауданы әкімдігінің кіші акт залында 2023 жылдың 19 маусымында сағат 15.00-де конкурс өткізіледі» деген сөйлем «**Ақтоғай ауданы әкімдігінің кіші акт залында 2023 жылдың 4 шілдесінде сағат 15.00-де конкурс өткізіледі**» деп түзетіліп оқылсын.

Хабарландыру

ЖК Ахметова Орал атында тіркелген «Меркурий» 115 ФКЗ (версия 115 KZ010, завод нөмірі 000001421862) кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Сенім телефоны
«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексінің мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8 (71037) 2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

САТЫЛАДЫ
– Косилка КТП-4 – 1 650 000 тенге;
– Косилка КТУ-6 – 1 800 000 тенге.
Жеткізіп беру бар.
Субсидия алуға барлық құжаттар ұсынылады.
КАСПИЙ арқылы бөліп төлеу бар.
Тел: 87013680513.

Жақсының аты өлмейді

19 мамыр күні Жидебай ауылдық округіне қарасты Сәуле ауылының Қ.Нұржанов атындағы мектебінде ұлағатты ұстаз

өмірлік бағыт-бағдар нұсқаған Сембек мұғалімнің құрметіне арналған шағын концерттік бағдарламаға кезек берілді.

көрмені тамашалап, жас өрендердің өнеріне баға берді. Байқау «Мүсін», «Ағаштан жасалған бұйымдар», «Жүннен басу»,

II орын, Қызыларай мектебінің оқушысы Ф.Нұрланқызы III орынға лайық деп танылды.

Еңбегі еш кетпеген ұстаз

Сембек Жақанды еске алуға арналған «Өнегелі өмір» атты бірінші аудандық сәндік-қолданбалы өнер байқауы болып

Концерт барысында осынау шараның негізі болған ұстазбен үзенгі қағыстырып қатар жүрген бір топ ұстаздар өз естеліктерімен

«Шиден тоқу өнері», «Композициялық этноүрдістегі макеттер» деген аталымдар бойынша өтті. Ауданымыздың түкпір-түкпірінен арнайы келген оқушылардың қолөнеріне эстетикалық талғамға сай, сауатты орындалған, таза болуы керек деген талап қойылды.

Қазылар алқасының шешімі сарапқа салынып, көрермен бағасы екшеліп, сайыстың қорытындысы анықталды. Сонымен, «Ағаш өнері» бойынша

«Жүннен басу өнерін» Н.Төлеген (Ж.Кенесбаев мектебі) I орын, Ж.Шералы (Сарышаған мектебі) II орын, С.Боранбай (Қ.Нұржанов) III орынға табын тіреді.

«Шиден тоқу өнері» бойынша М.Сәмет (Ж.Ақбай мектебі) I орын, Н.Төлепбергел (Сарышаған мектебі) II орын, И.Смақұл (С.Ибраев мектебі) III орын иегері атанды.

Сонымен қатар, «Композициялық этноүрдістегі макеттер» аталымында Т.Аманбай (Тасарал мектебі) I орын



өтті.

Саналы ғұмырын сапалы ұрпақ тәрбиесіне арнаған жанның есімі де, еңбегі де ұмытылмақ емес. «Өлді дегуе бола ма, айтындаршы, өлмейтұғын артына із қалдырған» деп Абай хакім осындайдан айтқан болар. Ұлағатты ұстазды ұлықтау және ұлттық қолөнерді дәріптеу, оқушылардың шығармашылығының дамуына ықпал жасау, жас шеберлерді ынталандыру аталмыш шараның негізгі мақсаты болды. Бәсі жоғары байқауға ауданымыздың жалпы білім беретін мектептерінің 10-15 жас аралығындағы 5-9 сынып оқушылары қатысты.

Әуелгіде Қ.Нұржанов атындағы мектепте талай жыл табан аудармастан табысты еңбек еткен, ұлттық қолөнерден таласы бар шәкірттердің шеберлігін шындаған,

бөлісіп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Мұнан кейін батыр атындағы мектептің өнерпаз оқушылары ән-жырдан шашу шашты. Сембек мұғалімнің көзі тірісінде таспаланған бейнееролик көрермен назарына ұсынылды.

Осылайша концерттік бағдарлама өз мәресіне жеткеннен кейін С.Жақан оқушыларды еңбекке баулыған, ұзақ жылдар бойына сабақ берген технология сыныбының қасбетіне С.Жақанның құрметіне орнатылған естелік тақтаның ашылу рәсімі өтіп, келушілер аталмыш кабинетті тамашалады. Бұдан кейін меймандарға мезірет білдіріп, мектеп ұжымы әзірлеген «Кофе-брейк» жиналған қауым ауыз тиді.

Ұлы сәске сәтінде байқау бәсекесі қызып, әділқазы алқасы мен көрермендер



Ә.Болғанбайұлы атындағы мектеп оқушысы Б.Абдукарим – I орын, Н.Әбдіров мектебінен келген Ф.Медеубекұлы – II орын және Ақши мектебінің оқушысы Н.Амандық III орын иегері атанды.

Ал «Мүсін өнерінде» өзгелерден бәсі биік болған Ортадересін мектебінің оқушысы А.Жанатбекова – I орын, Қ.Нұржанов мектебінің оқушысы А.Төлқұтай

Е.Есенгелді (Сарышаған мектебі) II орын, ал І.Құдайбергел мен Н.Амандық (Ақши мектебі) III орын иегері атанды.

Жарыста бағы шауып жеңіс тұғырынан көрінген жүлдегерлер арнайы сертификаттармен және өзге де қатысушылар арнайы Алғыс хаттармен марапатталды.

Е.АЙТЖАН.

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Отбасының жетекшілік маңызы онда тәрбиеленіп жатқан баланың дене және рухани дамуына әсер етуші ықпалдар мәні мен мағынасының тереңдігіне тәуелді келеді. Бала үшін отбасы – бір жағынан тіршілік қоршауы болса, екінші тараптан

қызмет атқарып келе жатқан, балаларға білім беру мен тәрбие процесін қатар ұштастырған, өз отбасында 5 баласын дүниеге әкеліп тәрбиелеген көпбалалы отбасы, ұлағатты ұстаздардың бірі Ә.Болғанбайұлы атындағы негізгі орта мектебінің химия пәнінің мұғалімі Садуақасова Манар Игисинқызын атап өтуге болады. Манар мұғалім-

мейірімді қажет ететінін ескере отырып, өз баласынан еш кем көрмей, одан әрі білім алып жетілуіне, отбасының ыстық бақытын сезінуіне ықпал жасай алатынына сеніміміз мол. Балаларға білім мен тәрбие беру саласына бірнеше жылдық еңбегі бар Манар мұғалім өзінің адамгершілігін, өз жұмысына берілгендігін, баланы

Патронаттық тәрбиеге бала алу – жетімдік мәселесін шешудің тиімді жолы

тәрбиелік орта. Зерттеу деректеріне сүйенсек, отбасы – бұл мектеп те, ақпарат көзі де, қоғамдық ұйымдар да, дос-жарандары да, отбасы – бұл әдеп пен өнер кілті де.

Отбасындағы өзара қатынас сипаты әдет-ғұрыптармен, ата-ананың өзінің бұрынғы отбасынан алған тәрбиенұсқауларымен, темперамент ерекшеліктерімен, олардың адамгершілік және педагогикалық мәдениетімен анықталады. Осының бәрі ата-ананың балаға деген қатынасында орын алады. Бұл балаға жетімдік қиынатын тарттырмаудың бір жолы. Қазіргі кезде жетім баланың жарым көңіліне қуаныш сыйлап, баланы өз қамқорлығына алып, оларға ата-аналық махаббатын сыйлаған жандар баршылық. Соңғы жылдары баланы жаңа отбасына бейімдеудің тағы бір түрі – патронаттық тәрбие жолға қойылды. Патронаттық тәрбие жетімдіктің алдын алуға және баланың үлкендермен айналасындағы адамдардың тұрақты түрде қарым-қатынас жасап отыруына және олардың психикасының дұрыс дамуына әсері мол. Мемлекет қарамағындағы жетім балаларға отбасылық тәрбие беру тәжірибесі жүйелі жолға қойылуда. Солардың бірі – жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды патронаттық тәрбиеге алу.

Бүгінгі күні ауданымызда бірнеше жыл мұғалім болып

нін 3 баласы көмелет жасқа толып аяқтанған, 2 баласы мектеп жасында оқиды. Бұл ретте, Манар мұғалім жетімдік жылатпаған ел екенімізді дәлелдеп, бауырына бала басуға ниет білдіріп, биылғы жылдың наурыз айында Астана қаласының қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығынан көмелет жасқа толмаған бір жеткіншекті патронаттық тәрбиеге алды. Патронаттық тәрбие – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, соның ішінде тәрбиелеу, емдеу немесе осы тәрізді басқа да мекемелердегі көмелетке толмаған балаларға берілетін қорғаншылық және қамқоршылық тәсілдерінің бірі. Патронат тәрбиеші, көпбалалы ана Садуақасова Манар өзінің де дүниетанымы кең, баланы дүниені танып білуге, байқампаз болуға, білімге қызығушылығын арттыруға күш салып, бүгінгі шешуі қиын деген мәселенің ертең түкке тұрғысыз жеңіл болып қалатынына сендіре білуге үйретуге өз септігін тигізетініне еш күмән жоқ.

Балалармен арадағы қатынас адамгершілік негіздеріне сүйенсе ғана нәтижелі болады. Бала көңілі сезгіш, оның өмір жолын тандауға өз құқы бар. Сондықтан, М.Садуақасова патронаттық тәрбиеге алып, бауырына басып отырған балаға үлкен өмірдің тандауын жасарда көмек қолын созатынына, бала жаны әрқашан жылу мен

сыйлап қадірлей алатынын, әділ шешім шығару арқылы қатаң да дұрыс талап қоя алатынын тілге тиек етпей кетпеуге болмайды.

Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар мәселесі қашан және қай уақытта болмасын әрбір мемлекеттің ең өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Бұл балаларға еліміздің тарапынан біраз жағдай жасалып жатқанымен де, ата-ананың аялы алақаны мен мейірімі жеткіліксіз. Сондықтан да, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алып, отбасындағы жылы қарым-қатынасты көріп, ата-ана жылуын сезінуіне көмектессек игі. Жүрегі кең, тұрмысы тәуір азаматтар балалар үйінің қамқоршылыққа, патронатқа бала алып жатса, елімізде жетім балалар саны азаяр еді.

Патронаттық тәрбиеге бала алуға байланысты сұрақтар бойынша байланыс нөмірлері: 87103721399 (қабылдау бөлімі); 87103730477 (қорғаншылық және қамқоршылық бөлімі).

А.Қуанышбаев,
Ақтоғай ауданы білім бөлімінің басшысы.

Сол қоңырау үні үмітпен бастап жол басын,



Құрметті мектеп бітіруші жас түлектер **Сабина Ертайқызы, Акерке Фибратқызы!**

Сендерді алтын ұя мектепті аяқтап, үлкен өмірге жолдама алған қуанышты күндеріңмен шын жүректен құттықтаймыз! Өмірдің сан тарау жолында биік белестерге шығып, жоғарғы оқу орнын тәмамдап, қатарластарыңның алды болуларына тілектеспіз. Әрқашан атар тандарың арайлы болып, аңсаған арман-тілектерің орындала берсін. Еліміздің елжүлі, халқымыздың қалаулы азаматы болуларыңды тілейміз. Ақ көгершін армандарың орындалып, сендерді тек биіктерден көрейік!

Сұңқар болып самғандар биіктерге,
Құт дарысын, бақ қонып өздеріңе.
Арманның асқарына құлаш сермеп,
Толы болсын өмірлерің жеңістерге.

Құттықтаушылар: **Марат-Шайза.**



Жас түлек Серікқызы Аида!

Үлкен өмірге қанат қағып барасың. Қанатың талмасың, биіктерге шырқа! Жоғарғы оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітіруіңе тілектеспіз. Таңдаған мамандығыңның мықты маманы, кәсіпқойы бол! Мектеп өмірі артта қалды, алдында күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте беруіңді тілейміз.

Тілек білдірушілер: **Қоблан әулеті.**



Құрметті жас түлек **Кәукербек Ләззат Кәукербекқызы!**

Сені алтын ұя мектепті бітіруіңмен құттықтаймыз! Әрқашан қанатың талмасың, биіктерге шырқа, алар асуларың көп болсын! Бүгінде үлкен өмірге қанат қағып барасың. Жоғарғы оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітіруіңе тілектеспіз. Таңдаған мамандығыңның мықты маманы, кәсіпқойы бол! Өмір жолың ашық, қадамың сәтті болсын! Деніңе саулық, бақытты өмір тілейміз.

Ақ тілекпен: **Күмісбек ағаның отбасы, Күлнәсі, Ербол-Сандуғаш, Сымбат-Гүлнұр, Алматы-Әсел, Бекзат-Назерке.**



Құрметті **Сағатбек Нұрлыбек Сағынбекұлы!**

Сені мектеп бітіруіңмен құттықтаймыз! Алға қойған мақсаттарың орындалып, болашағың жарқын, келешегің кемел, бауырларыңның мақтанышы болып, қалаған мамандық иесі бол! Әр жақсылығыңа ортақпыз, тілекшіміз. Әркез алдыңнан ақ жол ашылып, алған білімің өзіңе жолбасшы болсын!

Соғылған соңғы қоңырау,
Серпін берсін бойыңа.
Тілейміз ақ жол алдына,
Сынақтарға мойымай.
Бармақтай бақ бұйырып,
Бақыт қонсын басыңа!

Ақ тілекпен: **Марат-Шайза, Қанат-Нұрилла.**



Мектеп бітіруші түлек **Сағадиева Жансейя Сәбитқызы!**

Арманның асқарына құлаш ұрып, алтын ұя мектебіңмен қоштасып отырсың. Бұл күн сенің өмірдің ақ желкеніне ілесіп, өз мақсатына бет алған ұмытылмайтын ең ғажап, қимас сәт болып отыр. Саған осы аққолтай сапарыңда білімнің биік шыңынан көріне бер, алдында тұрған сынақтардан сүрінбей, болашағыңнан үміт күтіп отырған туғандарыңның сенімін ақтап, еліңнің, халқыңның кәдесіне жарар білікті, парасатты адам бол дейміз. Қанатың талмасың!

Орындалсын аңсап жүрген арманың,
Арайланып атсын нұрлы тандарың.
Туған елдің көк байрағын көтеріп,
Биіктерден көріне бер, санлағым!

Ақ тілекпен: **анасы – Сәулә, аға-жеңгелері – Алмас-Аяулы, Олжас-Айдана, бауырлары – Ұлас, Айзия, Аяла, Ұлаң, Аліхан.**

Адамның бір қызығы бала деген. Бала – Алланың адамзатқа берген аманаты, адам өмірінің жайнаған гүлі. Ал аманат – ол үлкен ғажаптылық, ал гүлдер ешқандай жасандылықсыз, шынайылықпен баптағанда ғана өседі. Ата-анасынан бой түзеп, үлкен өмірге қанаттанып, ұшқалы отырған құдашамыз **Камерият**



Назерке Тілуберліқызын мектеп бітіру мерекесімен құттықтаймыз! Назеркеміз мектепке тарыдай болып кіріп, бүгін алтын ұя мектебің таудай болып, үлкен өмірге қадам басқалы отыр. Алар асуың, шығар биігің көп болсын. Алға қойған мақсаттарың орындалып, жетістіктерге жете бер! Тілуберлі-Айнаш, балаларыңның қадамы сәтті болып, қуаныштарың болсын. Үкілеген үміттеріңді ақтап, болашағы шуақты болсын!

Қуаныштан бұлқынады жас жүрек,
Ақ жолына арнадық біз ақ тілек.
Армандарға алыстағы жете бер,
Қадамың құтты болсын, жас түлек!

Ігі тілекпен: **Әсет-Әнел, Даша, Әлфия, Жансұлу, Әли.**



Құрметті жас түлектер **Жанқабайлов Абылай Ержанұлы, Болатбаев Әсет!**

Міне, он бір жылдық мектеп өміріңмен қоштасып, үлкен өмірге қадам басқалы тұрсыздар. Қанаттарыңыз талмасың, жолдарыңыз әрқашан ашық болсын. Алдағы сынақтан сүрінбей өтіп, таңдаған мамандықтарыңыздың мықты маман иесі болып, аңсаған армандарыңыз орындалсын! Сіздерге сәт-сапар тілейміз.

Өмір деген аямасын сый нұрын,
Сендер үшін ерекше ғой күн бүгін.
Мектеппен қоштасарда соңғы рет,
Шашайықшы әсем әуен, жыр гүлін.

Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұжымы.

Құрметті жас түлек **Марғұланқызы Күннұры!**

Үлкен өмірге қанат қағып барасың. Қанатың талмасың, биіктерге шырқа! Жоғарғы оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітіруіңе тілектеспіз. Таңдаған мамандығыңның мықты маманы, кәсіпқойы бол! Мектеп өмірі артта қалды, алдында күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте беруіңді тілейміз.

Тілек білдірушілер: **Гүлдана, Гүлмира, Мөлдір, Рымгүл**



Құрметті **Саматов Данияр!**

Міне, өмір өз ағысымен сырғып, сенің де мектеп бітіріп, аттестат алатын уақытың келіп жетті. Балалықпен қоштасып, даналыққа бағыт алған сәтіңе құтты қадам тілейміз. Бастысы, денсаулығың зор болсын, бақыттың бақшасында қуанышты күндерді көріп, өзің таңдаған мамандықтың иесі бол! Туған елге, халыққа қызмет жасайтын үлкен ұлтжанды азамат бол!

Биік-биік белестерді бағындыр,
Кедергіні алдындағы алып ұр.
Ел сүйісіңер мамандықтың иесі болып,
Әр уақыт халқыңнан бата алып жүр!

Ақ тілекпен: **Сәуләбай-Гүлнардың отбасы.**

Құрметті жас түлек **Абасқызы Аяулым!**

Сені мектеп бітіру салтанатыңмен құттықтаймыз. Үлкен өмірге қанат қағып барасың, қанатың талмасың, биіктерден көріне бер. Жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте беруіңді тілейміз. Бала шақтан болашаққа аттаған қадамың құтты болсын. Қонар тұғырың асқақтай берсін!

Ұзап шығып тәлім алған ұядан,
Уақыт келді қанат қағар қияға.
Жолың болып мына өмірде әрқашан,
Тәңірімің күтіп тұрсын сыйы алдан.

Ігі ниетпен: **нағашыларың – Шәпибаевтар әулеті.**



Құрметті **Аида Серікқызы!**

Кеше ғана мектеп табалдырығын аттаған сияқты едің, бүгін міне, он бір жылдың қалай зулап өткенін байқамай да қалыппыз. Үлкен өмірге қанат қағып барасың. Қанатың талмасың, биіктерге шырқа! Жоғарғы оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітіруіңе тілектеспіз. Таңдаған мамандығыңның мықты маманы, кәсіпқойы бол! Мектеп өмірі артта қалды, алдында күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте беруіңді тілейміз.

Ізгі тілекпен: **Бауымбековтар әулеті.**



Арманға қосып алысқа тартар арнасын!



Құрметті жас түлек Сағадиева Жансая Сәбитқызы!



Сені мектеп бітіру салтанатымен шын жүректен құттықтаймыз! Сен үшін бүгінгі қағылар соңғы қонырау үні, балдәурен балалығыңның артта қалып, жауапкершілігі мол азаматтық биікке көтерілгендігінің ескертпесі сияқты. Саған әнді сәтте өмір жолыңды, яғни мамандығыңды адаспай табуына, оның жемісінің бал дәмін татып, елге елулі еңбек сіңіруіне тілектестік білдіреміз. Өмір кеменің желкені төмен түспесіне сенімдіміз. Өйткені, сенің бойыңда білім, қайсарлық, батылдық бар. Қияға қакқан қанатың талмасын, деңізе саулық тілейміз.

Биік-биік арманмен қанаттандың, Үлкен өмір жолына ая аттанғын. Біз жүрейік есімді мақтан етіп, Көзбен көріп бәйшешек гүл атқанын.

Ақ тілекпен: Мәруа, Сәндігүл, Гүлдана, Ернұр-Диана.



Бүгін біздің тұңғыш гүліміз – **Күннұры Марғұланқызы** мектеп бітіріп, үлкен өмірге қадам басуда, әрқашан жолың ақ болып, көздеген мұрат-мақсаттарыңа қол жеткізіп, армандарың орындалсын. Келешегің кемел болашағың нұрлы болсын. Жұртқа жұғымды, елге сүйкімді қалпыңнан айнымай, алда

талай асу-белестерді бағындыра бер.

Мектепті жақсы бітіріп, жоғары оқу орнына түсіп, биік белестерден көрін. Нұрлы жол, думанды шак тілейміз. Кеудене күн орнасын. Ата-ананың қуанышы, шаңырағыңның шуағы бол. Жұлдызың жансын деп тілейміз.

Ізгі тілекпен: әкесі – Марғұлаң, анасы – Сәуле, бауырлары – Ернұр, Кәусар.



Құрметті Сәкітай Нұрлан Талғатұлы!

Сені үлкен өмірге бастайтын соңғы қонырау мерекесімен құттықтаймыз!

Арманның асқарына құлаш ұрып, алтын ұя мектебіңмен қоштасып отырсың. Бұл күн сен үшін өмірдің ақ желкеніне ілесіп, өз мақсатыңа бет алған ұмытылмайтын ең ғажап, қимас сәт болып қала бермек.

Саған осы ақжолтай сапарыңда білімнің биік шыңынан көріне бер, алдында тұрған сынақтардан сүрінбей, болашағыңнан үміт күтіп отырған туғандарыңның сенімін ақтап, еліміздің кемел де кеменгер тұлғасы бол, қанатың талмасын деген ақ тілегімізді жолдаймыз.

Қадамың нұрға толсын. Денсаулығың мықты болып, әр күнің қуаныш әкелсін. Саған деген ақ тілек, ізгі ниетімізді Алла қабыл алсын.

Мектепті, балам, бітірдің, Самғатты қиял ғарышқа. Қанаты арман құсының Апарсын сені алысқа. Кешегі шәкірт бала едің, Қарайсың бүгін жігіт бол. Шарлаған арман әлемін, Шындарға шыңнан биіктеп.

Ақ ниетпен: атасы – Сәкітай, әжесі – Зоя, ата-анасы – Талғат-Ақмарал, ағасы – Ұлаң, бауырлары – Аруна, Санжар, Төле-мырза.



Құрметті жас түлектер Мрасыл Ұлжан Омірсерікқызы, Абас Аяулым Абасқызы, Нұрмағанбет Ақбота Нұрбекқызы!

Сендер бүгін алтын ұя мектептеріңмен қоштасып, азамат болып, үлкен өмірге жоллама

алғалы отырсыңдар. Осы қуанышты күнде сендерге сәтті сапар тілейміз. Қалаған мамандықтарыңның иесі болыңдар. Сендердің бойларыңдағы қабілеттерің, ерекше дарындарың, өмірге құштарлықтарың болашақтарыңнан үлкен үміт күттіреді және сол үкілі үміт үдесіңіз шығатындарыңа сенеміз. Өмір жолыңда сүрінбей, осы ақжолтай сапарларыңда жолдарың ақ болып, білімнің биік шыңынан көріне беріңдер. Келешектерің кемел, алар асуларың биік болсын!

Ізгі тілекпен: Омірсерік-Жанат, бауыры – Әлинұр.



Құрметті мектеп бітіруші түлек Сәкітай Нұрлан Талғатұлы!

Үлкен өмірге қанат қағып барасың. Қанатың талмасың, биіктерге шырқа! Жоғарғы оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітіруіне тілектеспіз. Таңдаған мамандығыңның мықты маманы, кәсіпқойы

бол! Дәнізе саулық, басына амандық, жаныңа қуаныш ұяласың. Мектеп өмірі артта қалды, алдында күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарыңнан сүрінбей өте беруіңді тілейміз.

Білімді басқа жастадың, Ғылымды іздеп үңіліп. Өмірге сапар бастадың, Алдында күліп тұр үміт. Түсініп жөн мен жобаны, Ер жеткен жансың жетелі. Шындарда ғана болады, Қыранның салған мекені.

Ізгі тілек білдірушілер: жездесі – Қайыр, әкесі – Саягүл және жиен ағалары – Жан, Нұр.



Жас түлектер Тишжан Айзат Нұрланқызы, Мекен Ерасыл Еркебұланұлы!

Сендерді мектеп бітіру қуаныштарыңмен құттықтаймыз! Үлкен өмірге аттаған қадамдарыңа гүл бітсін. Алдағы өмірлеріңде тек сәттілік серік болсын, жолдарың ақ, көңілдерің көтеріңкі болып алдағы сынақтардан сүрінбей өтіңдер. Еліміздің өркендеуіне күш салатын мамандық иесі атанып, ата-аналарыңның, білім берген ұстаздарыңның мақтаншы болады деп сенеміз. Ақ жол, сәт-сапар болсын!

Тілек білдірушілер: Омаров Қайраттың отбасы.



Мектеп бітіруші жас түлектер Тұрсынбек Нұрсәт Алтынғазыұлы, Тұрсынбек Айзада Талғатбекқызы, Сағатбек Нұрлыбек Сағынбекұлы!



Сендерді соңғы қонырау салтанатымен шын жүректен құттықтаймыз! Үлкен өмірге қанат қағып барасыңдар. Қанаттарың талмасын, биіктерге шырқандар! Жоғары оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітірулеріне тілектеспіз. Алдағы сынақтардан сүрінбей өтіп, таңдаған мамандықтарыңның мықты маман иесі болып, аңсаған армандарың орындалсын. Сендерге сәт-сапар тілейміз.

Тілек білдірушілер: әке-шешесі – Алтынғазы-Сәуле, апалары – Шакизат, Арайлым, ағасы – Бекзат, жемгесі – Айгелі, жезделері – Нұркелді, Қуатбек, бауырлары – Көркем, Омар, жиендері – Әубәкір, Амина, Ислам, Шерхан, Ұлаң, Зейнеп.



Біздің үйдің кәжесі, еркесі – бауырымыз **Абасқызы Аяулымды** мектеп бітіруімен шын жүректен құттықтаймыз!

Үлкен өмірге қанат қағып барасың. Қанатың талмасың, биіктерге шырқа! Жоғары оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітіруіне тілектеспіз. Таңдаған мамандығыңның мықты маманы, кәсіпқойы бол! Мектеп өмірі артта қалды, алдында күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарыңнан сүрінбей өте беруіңді тілейміз.

Білімді басқа жастадың, Ғылымды іздеп үңіліп. Өмірге сапар бастадың, Алдында күліп тұр үміт. Түсініп жөн мен жобаны, Ер жеткен жансың жетелі. Шындарда ғана болады, Қыранның салған мекені.

Тілек білдірушілер: апа-жезделері – Эльмира-Жанкелді, Арайлым-Жанат, жемгесі – Ақерке, бауыры – Аяла.



Құрметті Мекен Ерасыл Еркебұланұлы!

Үлкен өмірге қанат қағып барасың. Қанатың талмасың, биіктерге шырқа! Жоғары оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітіруіне тілектеспіз. Таңдаған мамандығыңның мықты маманы, кәсіпқойы бол! Мектеп өмірі артта қалды, алдында күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарыңнан сүрінбей өте беруіңді тілейміз.

Білімді басқа жастадың, Ғылымды іздеп үңіліп. Өмірге сапар бастадың, Алдында күліп тұр үміт.

Ізгі тілекпен: Нұргелді-Индира, Сәулебай-Гүлнар, Мейрамқұл, Қанат-Мағираш, Қайрат-Қаламқас, Сағат-Бақытгүл, Қайрат-Кәмшат, Жазира, Сағат, Бауыржан-Ақторғын.





«Үкіметке 2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасын әзірледі тапсырамын. Әсіресе, қоршаған ортаны қорғау ісіне қажетті барлық көрсеткіштерді цифрландыру – маңызды міндеттердің бірі».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Орман – еліміздегі ең бағалы байлықтардың бірі. Сондықтан да, мемлекетіміз осындай тұмса табиғатты күтіп ұстау, оны қорғау, түрлі табиғи апаттардан сақтау, өрттің алдын алу сияқты шараларды барынша тиімді жүзеге асырып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде бес жыл ішінде орман қорын еселеп, молайту туралы тапсырмасы бар. Ол халықтың қолайлы өмір сүру ортасын құруға және елдегі экологиялық жағдайды жақсартуға

Нәтижесінде, топырақ құрамында тұздың басым болуына байланысты бұл жерлерге жиде (лох) ағашының көшеттері отырғызылатын болады.

Арқаның алтын алқасы Ақтоғай топырағын көгерте жайқалтып, орман көлемін кеңейту бағытында онтайлы шаруа атқарып жатқан орман шаруашылықтары қат-қабат қыруар жұмыс барысында көктемгі дала жұмыстары үшін бүршік дайындау жұмыстарын да ширата түсуде. Жасыл

Қоршаған ортаны қорғау – игілікті іс

бағытталған. Атап айтқанда, ұлттық жобаны іске асыру халық үшін қолайлы өмір сүру ортасын құру және экологиялық жағдайды жақсарту, қалдықтарды өңдеу және оларды пайдаланудың экологиялық қауіпсіздігі инфрақұрылымын құру, көлдердің су сапасын жақсарту, сондай-ақ, суару кезіндегі ысырапты азайту мүмкіндігін беретін болады.

Қазіргі күні «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы аясында Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» мекемесі алға межелі міндеттер қойып, толымды жұмыс атқарып жатыр. Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы мекемесіне қарасты орман және ормансыз жер көлемі 74,467 гектарды құрайды. Оның ішінде орман қоры 48,233 гектар болса, 18,200 гектар аумақ ерекше қорғауда.

Алайда, осынау баға жетпес байлығымыз жаз айларында табиғат аясында демалушылар мен орман алқаптарына жақын орналасқан шаруа иелерінің қауіпсіздік шараларын сақтамауынан орман өртінің туындауына әкеліп соқтырып жатады. Қазекем от пен суды тілсіз жау деп тегін атамаған. Өкінішке орай, біз соны үнемі ескере бермейміз. Оған өткен жылы Қостанай өңірінде болған алапат өрт нақты дәлел. Қостанай облысында орын алған өрт бүкіл қазақ жұртын аландатып, аяғынан тік тұрғызды дегенге болады. Осы мақсатта Президент тапсырмасына орай ел көлемінде әр деңгейдегі орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға басым бағыттар берілуде. Биылғы жылы облыстық бюджеттен 392 млн. теңге қаражат бөлініп отыр. Аталған қаражатқа құны 95 млн. теңге тұратын өрт сөндіру машинасы алынды. Сонымен қатар, орман алқаптарын қашықтықтан бақылайтын әуе аппараты, 2 дана плуг ПЛН 4-35, 2 культиватор, қыс айларында қарда жүруге арналған 1 дана көлік алынды. Сондай-ақ, жыл соңына дейін патрульдік автокөліктер, Беларусь 922 тракторы, 1 микроавтобус және орманшылардың өрт маусымдарында жедел жүріп тұруларына арнап мотоциклдер, өзге де қажетті жабдықтар алуға қаражат қаралып отыр. 2 модульді ғимарат салынады деп күтілуде.

Енді бүгінге дейін қолға алынған шаруаны тілге тиек ететін болсақ, бұл тараптағы ілкімді істің жайы оқырманға біршама белгілі болмақ. 2017 жылдан бері 152 гектар жерге көшет отырғызылды. Алдағы жоспар да ауқымды. Жыл сайын мемлекеттік орман қоры аумағында орман шаруашылықтары болашақ үшін атқарылатын байыпты жұмысты үдете түсуде. Аудан көлемінде 2025-2028 жылдар аралығында 982 гектар аумақта ағаш көшеттері отырғызылады деп жоспарлануда. Өткен жылы ағаш егілетін алқаптың топырағына зерттеу жүргізілген болатын.



орманның көлемі артып, көбеюіне тұқымбақтардың тигізер септігі аз емес. Осы жылы Ақтоғай аудандық орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесіне қарасты Қызыларай (1,3 гектар), Тоқырауын (12 гектар) тұқымбақтары жұмыс істеп тұр. Алдағы уақытта тұқымбақ аумағын 46 гектарға ұлғайту жоспарда бар. Бұл тұқымбақтардың игілігі орман көлемін көбейтуге бағытталып жатыр. Бұл тұқымбақта бұған дейін қылқан жапырақты және жапырақты ағаштардың көшеттері бапталды.

Жоғарыда айтып өткендей, орман, дала өрттерінің алдын алу мақсатында үстіміздегі жылдың сәуір айынан бастап мекемеде сенбі, жексенбі күндері кезекшіліктер ұйымдастырылады. Өрт қауіпсіздігінің жоғары дәрежесі кезеңінде жеке тұлғалардың орман қоры аумағына келуін шектеу туралы Қарағанды облысы әкімдігінің 2019 жылғы 2 сәуір №20/01 қаулысы қабылданған болатын. Соған сәйкес табиғи өрттерді сөндіру кезінде тиімділікті арттыру мақсатында аудандық өрт-тактикалық оқу-жаттығу семинарлары өткізілуде. Сонымен бірге орман маңайына жалпы 101 шақырым минералды жолақ жүргізіліп, қайта өңделді. «Мемлекеттік орман иеленушілердің орманды шолып, тексеру жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2015 жылғы 14 қазандағы №18-02/924 санды бұйрығына сәйкес, Тоқырауын, Шет, Қызыларай орманшылықтарында «2023 жылғы орман айналымдарын шолып, жоспарлы көктемгі тексерісі 25 сәуірден 25 мамырға дейін жүргізілді».

Қысқасы, жерінің көлемі бойынша әлем елдерінің алдыңғы ондығынан ойып орын алатын Қазақстанның көп жерін шөлейтті, далалы аймақтар алып жатыр. Сонымен қатар, орман-тоғайлы, сулы-нулы өңірлерге де көңде емеспіз. Сондықтан, орман-тоғайларды күтіп-баптап, барды ұқсатпа білу – ұрпақ алдындағы да, Отан алдындағы да ортақ борышымыз.

М.Қасымхан,

«Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» мекемесінің директоры.

Орман өрті – үлкен апат

Жер-Анаға көрік беріп, барша аң-құсты қанатының астына алып, жанға жайлы сая болған орман-тоғайлар – ел байлығы. Біздің Ақтоғай ауданының тұмса табиғатына, көрікті жерлеріне таңқалмайтын, қызығып, сүйсіне қарамайтын адам кемде-кем. Ауылымызға келіп табиғат аясында демалып, тарихымен танысуға еліміздің әр жерінен қонақтар, туристер келіп тұрады. Әрине, бұл қуантарлық жағдай.

Десек те, бес саусақтың бәрі бірдей емес. Табиғат аясында демалушылардың салғырттығынан осынау жайқалып өскен жасыл желегіміз отқа оранып кетуі әбден мүмкін. Кейбір демалушылар орманның таза ауасымен тынығып, сұлулығын тамашалап жүріп от жағады, тұрмыстық қалдықтарды тастап кетеді, ағаш бұталарын сындырып, зиянын тигізеді. Ал, босаған шишалар, әйнектер, темекі қалдығы, дұрыс сөнбеген от ошақтары – орман өртінің басты себептері. Сонымен қатар, малға азықтық шөп дайындау науқаны кезінде шаруа қожалықтарының ақауы бар техникалары да өрт қаупін тудырады.

Әр жылдың 15 сәуірінен 15 қарашасына дейінгі аралық өрт қаупі өте жоғары кезең саналады.

Сондықтан, орман шаруашылығының мекемесі орман өртінің алдын алу шараларын естеріңізге салады:

- Орманға демалуға барар кезде арнайы рұқсат қағаз алып, арнайы демалатын орындарға бару керек;
- қайтар кезде отырған орынды жинап, от ошағына су құйып немесе топырақпен көміп сөндіру қажет;
- әйнек, қағаз қалдықтарын жинап кету керек және көліктер өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен қамтылуы керек.


Осы орайда, өрт қауіпсіздігі ережесін бұзғандарға айыппұл салынатынын барлық демалушылардың білгені жөн.

Орман өрті – үлкен апат. Ол орманға ғана емес, қоршаған ортаға да үлкен зиян келтіреді. Сондықтан, ауыл адамдарың, келген қонақтар мен демалушыларды табиғат-ана сыйлаған асыл мұра – орманымызды сақтауға шақырамыз.

Б.Тойшыбеков,

Тоқырауын орманшылығының орманшылық басшысы.

Еске алу



Ақтоғай ауылының тумасы, көп жылдар бойы сыйлас болған, біреуге іні, біреуімізге аға болған көршіміз **Игенбаев Сәбит Аманбайұлы** егер бүгінде арамызда болса, мамыр айында 60 жасқа толып, мерейтойын атап өтер ме едік. Бірақ, бұл күнді көруді маңдайымызға жазбаған

екен. «Ажал айтып келмейді» дегендей, күні кеше ғана арамызда жарқырап жүрген жанды сағынышпен еске аламыз.

Тіршілігінде көрмеген қызықты артында қалған ұрпақтарына Алла нәсіп етсін дейміз. Өмірде өзіндік орны бөлек көршіміздің жарқын бейнесі әрдайым біздің жадымызда сақталады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннаттың төрінде болып, бір Алла иман байлығын берсін деп дұға тілтейміз.

Жайлы болсын мәңгі мекен есігін, Періштелер ашсын жұмақ есігін. Көршілерің ұмытпайды ешқашан, Жүрегімізде сақталады есімін.

Еске алушылар: көршілері – Бикен, Мнифа, Қымбат, Асаң, Олжабай, Кәкен, Өміртай, Болат, Сүйіндік, Дәулет, Еркебұлан Р., Қуаныш, Жанболат, Ерлік, Бекайдардың отбастары.

Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА**

Редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу нөмірі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: **Думан Қабыл Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81,

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

